

Қазақстан Республикасының "Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамының қызметін жетілдіру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 маусым 1993 ж. N 556

Село еңбекшілері мен олардың отбасы мүшелерін дене мәдениетімен және спортпен айналысуға тарту жөніндегі "Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамының қызметін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы "Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамы Төралқасының село еңбекшілерімен және олардың мүшелерімен спорттың әрі дене мәдениеті-сауықтыру жұмыстарын жақсарту жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

"Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамына материалдық және қаржы ресурстарының негізгі бөлігін спорттың ұлттық түрлерін дамытуға, республиканың селолық аудандарында дене мәдениеті-сауықтыру және спорттық шараларды өткізуге бағыттау ұсынылсын.

2. Облыстардың және аудандардың әкімдері "Қазақ КСР-інде ауыл-село және агроөнеркәсіп кешендерін басым дамыту туралы" Қазақ КСР Заңының дене мәдениеті-сауықтыру және спорт құрылыстарын салуға, жинақтауға қаржыны бірінші кезекте бөлу, селолық жерлерде тұратын дене мәдениеті мен спорт қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жөнінде көзделген жеңілдіктер белгілеу бөлігіндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін. "Қайрат" селолық дене мәдениеті спорт қоғамының жергілікті құрылымдық бөлімшелеріне дене мәдениеті-сауықтыру жұмыстарын жүргізуге және спорттық ұлттық түрлерін дамытуға жан-жақты жәрдем көрсетсін.

3. Совхоздарға, колхоздарға, агроөнеркәсіп кешенінің кез-келген меншік нысандарындағы кәсіпорындары мен ұйымдарына "Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамының кеңестеріне дене мәдениеті-сауықтыру жұмыстарын қаржыландыру үшін (кейіннен ақшаның құнсызданатынын ескере отырып) сол шаруашылықтардағы жұмыс істейтін әрбір адамға жылына кемінде 100 сомнан қаржы бөлу ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, агроөнеркәсіп кешенінің басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволары Қазақстан Республикасының Туризм, дене мәдениеті және спорт министрлігі "Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамымен бірлесіп екі ай мерзімде дене мәдениеті-сауықтыру және спорттық бұқаралық жұмыстарды дамыту, республиканың село халқының арасында спорттың халықтық және ұлттық түрлерін қайта түлету жөніндегі практикалық шаралар кешенін әзірлесін.

5. "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы "Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамы үшін қолма-қол есеп айырусыз бір жеңіл автомобиль, бір микроавтобус және бір комплект компьютерлік техника бөлсін.

6. Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі, Тұтыну қоғамдарының одағы (Қазтұтынуодағы), Қазақстан Республикасының "Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамымен келісе отырып, қажетті мөлшерде спорттық киімдер мен жабдықтар бөлуді қарастырсын.

7. Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясының Кеңесіне "Қайрат" селолық дене мәдениеті-спорт қоғамының Орталық кеңесіне балалар мен жеткіншектер арасындағы селолық жарыстарды қаржыландыруға, БЖСМ-ға спорттық киім мен жабдықтар алуға, сондай-ақ ұлттық спорт түрлерінен республикалық спартакиада өткізуге әлеуметтік сақтандыру қаражатының есебінен ақшалай қаржы бөлу ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі